

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Астана қаласы әкімдігінің №65 «Бал бала» балабақшасы МКҚК қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауының нәтижелері бойынша

КІРІСПЕ

Астана қаласы №65 «Бал бала» балабақшасы МКҚК құрамына кіретін жұмыс тобы: педагог - психолог Ергараева Куралай Козикеевна, тәрбиеші Нурахметова Данагуль Галимухановна, кәсіподақ комитетінің мүшесі Кошенова Роза Хамитбековна Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне келесі бағыттарда ішкі талдау жүргізілді:

1. №65 «Бал бала» балабақшасы МКҚК нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау әрекеттеріне әсер етуі.
2. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

№65 «Бал бала» балабақшасының меңгерушісі Г. Диханбаева 2023 жылдың 05 шілде айындағы №89 бұйрығы бойынша Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» №410-V Қазақстан Республикасының заңының 8-бабының 5 тармағына сәкес, сондай - ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қағидаларын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазан айындағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидалары 2020 жылға 28 қаңтар айының №22 бұйрығына сәйкес ішкі талдау жүргізілді.

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін және Кәсіпорынның Жарғысын басшылыққа алады.

№65 «Бал бала» балабақшасы МКҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2023 жылдың 10 шілдесі мен 2023 жылдың 31 шілдесі аралығында жүргізілді.

Есепті кезең: 2022 жылдың 01 тамызынан бастап 2023 жылдың 31 шілдесіне дейін.

АҚПАРАТТЫҚ-АНАЛИТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

1. Кәсіпорынның қызметіне әсер ететін нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

1. Кәсіпорын құрылымы:

- 1) Әкімшілік;
- 2) Кадрлық жұмыс және іс жүргізу;

- 3) Қаржы бөлігі (бухгалтерлік есеп, мемлекеттік сатып алу);
- 4) Білім беру бөлігі және цифрландыру;
- 5) Экономикалық және техникалық бөлім

2. Кәсіпорын қызметін талдау барысында Кәсіпорынның қызметіне әсер ететін нормативтік құқықтық актілердің нормалары арасында қайшылықтар жоқ.

II. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметте

2.1. Персоналды басқару, оның ішінде кадр айналымы.

Кәсіпорынның штаттық кестесі «Астана қаласы Білім басқармасының» ММ басшысымен 2022 жылғы 2 қыркүйекте бекітілген. Талдау жүргізілген кезде Кәсіпорынның нақты қызметкерлерінің саны 68 адамды құрады. Балабақша қызметкерлерін есепке алу Hportal 1С қызметі арқылы жүргізіледі. Бос лауазымға орналасу үшін өтініштер «Астана қаласының жұмыспен қамту, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі» мемлекеттік мекемесіне, «Астана қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-не беріледі. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының №23 тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізілуде. Кәсіпорын сұхбат жүргізіп отырады.

Балабақша қызметкерлерінің есепті кезеңдегі айналымы кестеде көрсетілген:

№	Кезең	Жалпы қызметкерлер	Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатылған	Тараптардың келісімі бойынша жұмыстан босатылған	Жұмысқа қабылданды
1	01.08.2022-31.12.2022	68	0	19	16
2	04.01.2023-31.07.2023	64	0	11	8

Қорытынды: Қызметкерлердің ауысуы тұрғылықты жерінің өзгеруіне және басқа жұмысқа ауысуына байланысты орын алды. Теріс себептермен жұмыстан босату, лауазымын төмендету, кадрлық ауыстырулар болған жоқ.

Есепті кезеңде еңбек тәртібін бұзу, еңбек тәртібін бірнеше рет бұзу фактілері орын алған **жоқ**. Талданған кезеңде бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың жұмысқа орналасу фактілері **анықталған жоқ**.

2.2. Мүдделер қақтығысы

Кәсіпорынның басшысы мен қызметкерлері арасында туыстық байланыс **жоқ**. Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында қарама-қайшы мүдделер болған **жоқ**.

2.3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету

Кәсіпорын мемлекеттік қызметтерді көрсету жұмыстарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығына сүйенеді.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету функциялары:

1. «Құжаттарды қабылдау және балаларды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау» мемлекеттік қызметі.

№	Кезең	Есепті кезеңдегі балалардың орташа саны	Қабылданды (есепті кезең үшін)	Шығарылды
1	01.08.2022-31.12.2022	405	68	38
2	04.01.2023-31.07.2023	369	111	146

№65 «Бал бала» балабақшасы МКҚК жанындағы шағын орталықта

№	Кезең	Есепті кезеңдегі балалардың орташа саны	Қабылданды (есепті кезең үшін)	Шығарылды
1	01.08.2022-31.12.2022	60	26	21
2	04.01.2023-31.07.2023	58	42	33

Балаларды балабақшадан шығару тұрғылықты жерін ауыстыруына, мектепке қабылдануына байланысты болды.

2. «Құжаттарды қабылдау және балаларды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау» мемлекеттік қызметі бойынша *қажетсіз құжаттар анықталған жоқ.*

2.4. Кәсіпорынға жеке және заңды тұлғалардың келіп түскен өтініштері бойынша

Кәсіпорында азаматтардың өтініштері бойынша жұмыс «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 13 қаңтардағы №221 Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Аталған бағыттардағы жұмыстар бойынша талдау жасалып, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің уақтылы және сапалы қаралуын қамтамасыз ету, бақылауды күшейту, өтініштер белгіленген мерзімдердің бұзылуына жол бермеу бойынша шаралар қабылдануда.

Есеп беру кезеңіне азаматтардың өтініштері тіркелген:

№	Кезең	Барлық	Барлық заңды тұлғалар	Барлық жеке тұлғалар
1	01.08.2022-31.12.2022	78	0	78
2	04.01.2023-31.07.2023	46	0	46

Жеке тұлғалардың өтініштерінің негізгі сипаты жұмысқа орналастыру, баланы балабақшаға орналастыру, ұсыныс баға мәселелеріне қатысты.

Жауаптар дер кезінде берілді. 01.08.2022 жылдан 31.07.2023 жылға дейінгі кезеңде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыруға байланысты Қоғам басшылығы мен қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне қатысты азаматтардың ауызша және жазбаша өтініштері *түскен жоқ.*

2.5. Педагогтар құрамын сертифициаттау және біліктілігін арттыру

«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына сәйкес балабақша педагогтары жүйелі түрде аттестаттаудан өтеді.

2022-2023 оқу жылында педагогтардың аттестаттау қорытындысы:

Р/с	Педагогтың аты жөні	лауазымы	Алдыңғы санат, алдыңғы өту жылы	Қай санат үшін
1	Юсупова Айгуль Жанабаевна	Тәрбиеші	II – санат, 2018 ж.	Педагог -модератор
2	Шуханова Нургуль Кыдырбаевна	Тәрбиеші	I – санат, 2020 ж.	Педагог -модератор
3	Төлеубекова Канагат Болтабаевна	Тәрбиеші	II – санат 2020 ж.	Педагог -модератор
4	Смагулова Кенжегуль Кызыровна	Тәрбиеші	I – санат 2020 ж.	Педагог -модератор
5	Нурахметова Данагуль Галимухановна	Тәрбиеші	I – санат 2020 ж.	Педагог-модератор
6	Кошенова Роза Хамитбековна	Тәрбиеші	I – санат 2019 ж.	Педагог -модератор
7	Баймулденова Гульдана Хасымовна	Тәрбиеші	Жоғары санат 2020 ж.	Педагог –модератор
8	Мухамбетжанова Алмагуль Алимжановна	Тәрбиеші	I – санат 2020 ж.	Педагог –модератор

**Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтар
2022-2023 оқу жылында**

Ұйымның атауы	Аты жөні	Курс тақырыптары
Педагогикалық шеберлік орталығы «Мектепке дейінгі білім беру мазмұнының жаңаруы жағдайында педагогтердің АКТ технологияларды пайдалану бойынша кәсіби күзіреттілігін дамыту» 13 Халықаралық конгрестің шеңберінде біліктілікті арттыру 36 сағат «Көп мәдениетті әлемдегі балалар мен кітаптар»	Диханбаева Гуляим Егинбаевна	«Мектепке дейінгі білім беру мазмұнының жаңаруы жағдайында педагогтердің АКТ технологияларды пайдалану бойынша кәсіби күзіреттілігін дамыту» «Мектепке дейінгі ұйым басшыларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 80 академиялық курс»
«Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы	Ахметова Зауре Жайлаубековна	«Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жобалау»

«Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы	Кошенова Роза Хамитбековна	«Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық-педагогикалық аспектілері»
«Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы	Толеубекова Канагат Болтабаевна	«Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жобалау»
Центр педагогического мастерства Министерство образования и науки РК АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»	Смагулова Кенжегуль Кызыровна	«Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 235 академиялық сағат көлемінде оқу курсы аяқтады» «Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жобалау»
«Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы	Юсупова Айгуль Жанабаевна	«Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жобалау»
АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»	Жайлаубаев Фархат Женисович	«Формирование мировоззрения подрастающего поколения посредством музыки»
«Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы	Мухамбетжанова Алмагул Алимжановна	«Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық-кеңістік дамытушы ортасын жобалау»
«Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы	Егинбаева Гульжан Кадрбековна	«Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жобалау»
«Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы	Шуханова Нургуль Кыдырбаевна	«Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жобалау»
АО «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы	Сыздыкова Гульнар Сактагановна	«Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық – педагогикалық аспектілері» «Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жобалау»
«Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы	Баймулденова Гульдана Хасымовна	«Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері» «Білім беру сапасын арттыру ахуалында оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру» «Педагогтердің IT құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту» «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары

		педагогтерінің ойын құзіреттілігін дамыту»
«Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы Общественные объединения «MUGALIM»	Ергараева Куралай Козикеевна	«Мектепте инклюзивті білім беру форматында педагог-психологтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» «Современные технологии дошкольного образования»
«Жарқын болашақ» түзету қызметтерін көрсету орталығы	Тоимбетова Ақжар Дүйсенбайқызы	«Логопедағы инновациялық технологиялар. Логопедиялық массаж»
Астана дарыны	Тугельбаева Назира Бауыржановна	«Мектепте инклюзивті білім беру форматында педагог-психологтің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру»
Астана дарын	Упабекова Турсунгуль Махмутовна	«Мектепте инклюзивті білім беру форматында педагог-психологтің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру»
Болашақ Корпоративтік қоры	Абилгаламова Айсулу Кенжехановна	«Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды мінез-құлықты қолданбалы талдау әдістерін (АВА-терапия) қолдана отырып, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу»
«Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы»	Бижанова Лаура Жамбуловна	«Музыка пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіктерін дамыту»
«Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» Darun.obline «Білім беру ұйымдарын басқару менеджменті»	Ебкенова Айнур Тулегеновна	«Развития профессиональных компетенций музыкального руководителя дошкольной организаций» Darun.obline «Білім беру ұйымдарын басқару менеджменті»
«Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы	Альжанова Ақбала Ораловна	«Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруда 4К моделін енгізу» (8 сағат) 2020 ж Сертификат «Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жобалау»
«Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы	Шагуан Мейрамбек	«Мектепке дейінгі білім беру мазмұның жаңарту жағдайында әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың педагогикалық аспектілері»
Казакстанский Центр Переподготовки и повышения Квалификаций	Мусина Назира Пралыевна	«Кохлеарная имплантация - как современное средство реабилитации детей и взрослых с нарушенным слухом»
Республикалық «Өрлеу» ғылыми әдістемелік орталығы	Какимова Индира Зәкірқызы	«Мектепке дейінгі білім беру мазмұның жаңарту жағдайында әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың педагогикалық аспектілері»
«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	Кушжанова Мухаббат Еркінқызы	«Қазақстан Республикасы жалпы орта білім мазмұның жаңарту шеңберінде мектепке дейінгі білім беру бағарламасы»

Қ.Р Оқу-ағарту министрлігі «Ұлттық-ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығы»	Амангелді Айдархан Әділжанұлы	«Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің тәрбиешілері мен дене шынықтыру нұсқаушыларының кәсіби күзіреттілігі мен дағдыларын дамыту»
«Өрлеу»біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	Дүйсенбай Аякөз Дүйсенбайқызы	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзіреттілігін дамыту»
Назарбаев зияткерлік мектеп орталығы	Есемсейтова Амангуль Женисовна	«Баланы ерте дамыту бағдарлары»

Педагогикалық кадрлар кәсіби күзіреттілік деңгейін балабақшаның курстық даярлықтан өту жөніндегі перспективалық жоспарына сәйкес және Астана қаласы «Өрлеу» БАҰО» АО, "НЗМ"ДББҰ кестесіне сәйкес арттырады.

2.6.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың алдын алу жөніндегі іс-шаралар

2022-2023 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары құрылды.

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде қызметкерлер мен ата-аналар үшін: меңгерушінің қатысуымен кездесулер, жалпы ата-аналар жиналысы (онлайн) өткізіледі. Астана қаласы Білім басқармасының бұйрығы негізінде кәсіпорынның басшысы жыл сайын «Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы» ішкі бұйрық шығарады.

Қызметкерлер мен ата-аналар қауымы арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша ақпараттық-насихаттау жұмыстары жүргізілуде. Ақпараттық стендтер мен көшірмелі баннер жасалып, орналастырылды. Педагогикалық ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, педагог мәртебесіне сай сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қолданыстағы заңнамаларды және оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру бойынша құқықтық жалпы білім беретін сабақтар өткізілуде.

Жоспарға сәйкес жыл ішінде айына 1 рет ата-аналар қоғамының өкілдері кіретін балабақша бракераждық комиссиясы тәрбиеленушілерді тамақтандыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша ішкі бақылау жүргізеді.

Оқу жылы ішінде Білім басқармасының бұйрығына сәйкес құрамына ата-аналар қоғамының өкілдері кіретін бракераждық комиссия тәрбиеленушілерді тамақтандыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша мониторинг жүргізеді.

Мүдделер қақтығысы жағдайларын анықтау бойынша тұрақты жұмыстар жүргізілуде.

Еңбекақы қорының ынталандыру бөлігінің қаражатын бөлу және

бюджеттік қаржыландыруды бөлу өкілеттігі бар бухгалтер жұмысының ашықтығы қамтамасыз етіледі.

2.7. Мемлекеттік сатып алулар

Кәсіпорынның интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қызметі туралы арнайы бөлімдердің жұмыс істеуі қамтамасыз етілген. «Республикалық бюджет», «Жергілікті бюджет» білім беру ұйымының бюджеті білім беру ұйымының интернет-ресурсында жыл сайын жаңартылып отырылады.

Жергілікті бюджет бойынша кірістер мен шығыстар (пайда/шығын)

Талдау	Сомасы	
	01.08.2022 – 31.12.2022	04.01.2023 – 31.07.2023
Кіріс	87889400	165087000
Жұмыстар мен қызметтерді іске асырудан түскен табыстар	87889400	165087000
Шығыс	87889400	165087000
Еңбекақы	48799253	84855780
Еңбекке жарамсыз қағаз	827258	837615
Еңбек демалысы	2026571	17013435
Сауықтыру жәрдемақылары	660362	6423156
Коммуналдық қызметтер (жарық, жылу, су)	6299962	10570167
Басқа қызметтер (жұмыстар, тауарлар, қызметтері үшін жеткізушілермен есеп айырысулар)	29275994	45386847
Қаржылық қызметтер (банк қызметтері)		
Материалдар жағдайы?		
Пайда / шығын	0	0

Республикалық бюджет бойынша кірістер мен шығыстар (пайда/шығын)

Талдау	Сомасы	
	01.08.2022 – 31.12.2022	04.01.2023 – 31.07.2023
Кіріс	24764083	0
Жұмыстар мен қызметтерді іске асырудан түскен табыстар	24764083	0
Шығыс	24764083	0
Еңбекақы	23211400	0
Еңбекке жарамсыз қағаз	442025	0

Еңбек демалысы	814465	0
Сауықтыру жәрдемақылары	296193	0
Коммуналдық қызметтер (жарық, жылу, су)	0	0
Басқа қызметтер (жұмыстар, тауарлар, қызметтері үшін жеткізушілермен есеп айырысулар)		0
Қаржылық қызметтер (банк қызметтері)		
Пайда / шығын	0	0

2019 жылдың қыркүйек айынан бастап балабақшада инклюзивті білім беру жұмыстары жалғасуда. Бір балаға арналған шығыс 2022 жылға - 91118,00 теңгені, 2023 жылға - 98665,00 теңгені құрайды.

Мемлекеттік сатып алу саласында барлық шарттар 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының нормаларын сақтай отырып, веб-портал арқылы жасалды. 01.08.2021 ж. бастап 31.12.2022 ж. дейінгі кезеңге барлығы 28 шарт жасалды, 01.01.2022 ж. бастап 29.07.2022 ж. дейінгі кезеңге 61 шарт жасалды.

2.8. Қорытынды

Талдау жасалып отырған кезеңде қызметкерлердің лауазымдық, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері **анықталған жоқ**.

Қажет:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған іс - шаралар жоспары бекітілсін;

(Жауапты: педагог-психолог К.Ергараева
Мерзімі: до 09.08.2023 ж.)

2. 01.08.2022 жылдан бастан 31.07.2023 жылға дейінгі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелерімен ұжым таныстырылсын;

(Жауапты: меңгеруші Г.Диханбаева
Мерзімі : 18.08.2023 ж.)

3. Тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді мониторинг жүргізілсін;

(Жауапты: жұмыс тобы)

4. Бюджеттік шығыстар бойынша қызметкерлермен есептік кездесулер өткізілсін;

(Жауапты: есепші А.Абдрахманова
Мерзімі: қаңтар - мамыр)

5. Балабақша туралы ақпарат ресми веб-сайтқа орналастырылсын.

(Жауапты: меңгеруші Г. Диханбаева
Мерзімі: үнемі)

Жұмыс тобы:

Педагог - психолог: Ергараева Куралай Козекеевна _____
Кәсіподақ комитетінің мүшесі: Кошенова Роза Хамитбековна _____
Тәрбиеші: Нурахметова Данагуль Галимухановна _____

№65 «Бал бала» б/б меңгерушісі _____



Г. Диханбаева